«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
АО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»
«KAZAKHSTAN REPUBLIC TV AND RADIO CORPORATION» JSC

QAZAQSTAN

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«02» 10 2024 ж/г № 298

Астана қ. г. Астана

Телеарна сигналын тарату бойынша, радиоарналардың сигналын тарату бойынша және спутник арқылы бағдарламаларды тарату бойынша қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 39-бабының 3-тармағы 36 тармақшасы және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 465-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Телеарна сигналын тарату бойынша, радиоарналардың сигналын тарату бойынша және спутник арқылы бағдарламаларды тарату бойынша қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі жүзеге асырылсын.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, телеарна сигналын тарату бойынша, радиоарналардың сигналын тарату бойынша және спутник арқылы бағдарламаларды тарату бойынша қызметтердің техникалық ерекшелігі бекітілсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрайымы **Л. Танысбай**